

деңгейде әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ете отырып олар, қолжетімділігін көрсете алады.

Кілт сөздер: корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік қорғау, сапа кепілдігі, қолжетімділік, атаулылық, ашықтық, әділдік, адамгершілік, құпиялылық, құзыреттілік, халықтың әлеуметтік осал топтары.

Bakaeva M.A.

DEVELOPMENT OF CORPORATE SOCIAL RESPONSIBILITY IN KYRGYS TO REPUBLIC

Annotation

In the article examined questions development of corporate social responsibility. Marked an author that, in the conditions of market relations social responsibility of business is one of basic directions of support of socially vulnerable layers of population. Exactly they can give social supports, providing here addresses and availability of services at local level, by strengthening of control after activity of commissions on social questions at ayl okmotu, on that the functions of determination of necessity of grant of social support of socially vulnerable layers of population are laid.

Keywords: Corporate social responsibility, Social defence, internalss, assuredness, availability, addressness, transparency, justice, humanity, confidentiality, competence, socially vulnerable layers of population.

ӘОК (УДК) 631.15: 338

Есполов А.Т., Адасханова Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Жамбыл облысында жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру жолдары жазылған. Ауылшаруашылығы айналымнан шыққан жерлердің жағдайы талдалған. Егістікті ұтымды пайдалану жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: ауылшаруашылығы айналымынан шыққан жерлер, егістік ауданы, егістік жерлердің құнарлығын арттыру, жерді ұтымды пайдалану, жер ресурстарын пайдалану тиімділігі.

Кіріспе

Ауылшаруашылығында инновация жетістіктерінсіз тиімділікке қол жеткізе алмаймыз және жер ресурстарын ұтымды пайдалану арқылы ғана шаруашылықтардың әлеуетін арттыра аламыз [1]. Жүргізілген зерттеулер мәліметтеріне сүйенсек, Жамбыл облысындағы ауыл шаруашылық жерлерін ұтымды пайдалану мәселесі өзектілігі жағынан алдыңғы орында тұр. Егістік құнарлығын арттыру шараларын жасау арқылы егістіктің түсімін көтеру керек. Себебі өнім бәсекелестігін арттыру егістіктің топырақ құнарлығын арттыру және дақылдардың түсімін көтеру арқылы ауылшаруашылық жерлерін ұтымды пайдалана отырып, шаруашылықтардың тиімді жұмыс жасауына қол жеткіземіз. Бүгінгі

кезде, Жамбыл облысында ауыл шаруашылығы айналымнан шыққан жерлердің ауданы 333000 гектарды құрап отыр.

Ауыл шаруашылық жерлеріндегі топырақтың тозуы, құнарлықтың төмендеуі ауыспалы егістік жүйесін пайдаланбауымыз үлкен алаңдатушылықты туғызып отыр. Өсіп шыққан өнім топырақ құрамындағы қоректік заттарды өзімен бірге алып кетуде. Шаруа қожалықтарының жерлерін құнарландыруды мемлекеттік қолдаудың қаржылық тетіктері: өтемақы, субсидия (көмек қаражат), дотация (жәрдем қаржы), квота (рұқсат етілген қаражаттың үлесі), лизинг, субвенция (жәрдем қаражат). Жерді ұқыпты тиімді пайдалану, яғни ғылым жаңалығынсыз жетістікке жету мүмкін емес. Бір жерге бір дақылды өсіре бергеннен де ол жер құнарлығынан айрылады. Өр дақылдың топырақ құрамында өзіне қажетті қоректік заттары бар. Жыл сайын тек сол дақылды еге бергеннен топырақтағы жаңа қоректік заттары таусылады да, өнім сапасы нашарлайды. Сондықтан да, ауыспалы егістіктің маңызы зор болады. Ауыспалы егістікпен қоса, ол жерді парға қалдырып, түрлі тыңайтқыштар заттарды енгізу арқылы жаңа агротехнология қолдану арқылы жерді тиімді пайдаланған дұрыс.

Зерттеулер анықтағандай, Жамбыл облысында ауыл шаруашылық дақылдарының 1 тоннасын өсіргенде жерден өздерімен бірге алып кетеді екен: күздік, жаздық бидай - азот-30 кг, фосфор-10-12 кг.; жүгері - азот-34, фосфор-10 кг.; күріш - азот-22 кг, фосфор-12 кг; картоп - азот-6 кг, фосфор-1,5 кг; қант қызылшасы – азот-4 кг, фосфор-1,2 кг; қырыққабат-азот-3,3 кг, фосфор-1,3 кг; сәбіз-азот-3,2 кг,фосфор-1 кг; күнбағыс (тұқымға)-азот-60 кг, фосфор-25 кг. Бұлар тыңайтқыштар есебінен топыраққа қайтарылып, толықтырылып отыруы қажет. Бірақ интенсивті пайдалануда қоректік заттардың жоғалуы енгізу көлемінен әлдеқайда артық, топыраққа түсетін ауыртпалық үлкен, ол қалпына қайта келуге үлгере алмай жатыр. Бүгінгі таңда Жамбыл облысының ауыл шаруашылық саласында алынбай қалған өнімдер көлемін аудандар бойынша түсім мөлшерімен есептедік, 1кесте. Жүргізілген зерттеулер көрсетіп отырғандай 1 кесте, ауыл шаруашылық айналымынан шығып қалған 333 мың гектардан алынбай қалған өнімнің жалпы түсімі 32628 тонна, оның ең көбі Т.Рысқұлов ауданы – 21 %, Қордай ауданы – 15,8 %, Шу ауданы – 14,9 %.

1 кесте - Жамбыл облысында ауыл шаруашылығы айналымынан шыққан жерлерден алынбай қалған ауыл шаруашылық өнімінің көлемі, тонна

№	Аудандар	Айналымнан шыққан жерлер, га	Егістік түсімі, ц/га	Алынбай қалған өнім көлемі, тонна
1	Байзақ	18500	17,2	3182,0
2	Жамбыл	21900	7,7	1686,3
3	Жуалы	21600	8,0	1728,0
4	Қордай	57200	9,0	5148,0
5	Меркі	33500	10,1	3383,0
6	Мойынқұм	12900	21,5	2773,5
7	Сарысу	18900	5,3	1001,7
8	Талас	19400	10,5	2037,0
9	Т.Рысқұлов	46800	14,6	6832,8
10	Шу	82300	5,9	4855,7
Барлығы		333000		32628,0
Ескерту ауыл шаруашылық департаменті мәліметтері негізінде автордың есептеулері				

Жекелеген ауыспалы егістік дақылдарына қажетті тыңайтқыштардың нормасын анықтау арқылы, шаруашылыққа қажетті тыңайтқыштар мөлшерін табамыз, ол үшін ауыл шаруашылығы дақылдарының 1 тоннасына қажетті қоректік заттардың мөлшерін норматив бойынша аламыз. Ұсынатын жобамыз бойынша құнарлығы қалпына келетін жерлерге, келесі дақылдарды өсіруді ұсынамыз: күздік бидай және картоп. Жамбыл облысында егістік жерлердің айналымнан шығуының себептері: егілетін жерлер ауданы қысқарғандығы; дақылдар шығымы азайғандығы; жаңа сорттардың егілмеуі; техниканың моральдық және физикалық жағынан тозуы; жерлердің дағдарысқа ұшырап, тақырға айналуы; егістік жерлердегі нәрлі заттардың азаюы; экономиканың басқа салаларының қажеттілігіне жерлердің бөлініп берілуі; бүлінген жерлердің ауыл шаруашылығына қайтарылмауы; топырақты құнарландыру жұмыстарының жүргізілмеуі; климаттың құрғақшылық жағдайы. Яғни жылдан-жылға егістік жерлердің ауданы азайып келеді. Облыстың егістік жерлерінің құнарлығын арттыру үшін тыңайтқыштарды: азот және фосфорды енгізетін болсақ, олардың қажетті көлемі 385,5 мың тонна, 2 кесте.

2 кесте – Жамбыл облысында егістік алқабына енгізілетін тыңайтқыштар көлемін болжау

Облыстар	Егістік жерлер ауданы, мың га	Енгізілетін тыңайтқыш түрлері мен көлемі		
		N ц/га	P ₂ O ₅ ц/га	қажетті көлемі, мың тонна
Жамбыл	184,3	20,0		385,5
			22,0	
			23,0	
Ескерту автордың есептеулері				

Егістік жерлерден алынып жатқан және тыңайтқыштар енгізгеннен кейінгі егін түсімінің болжанған шамасын ескеріліп, қосымша алынатын жалпы түсім көлемін есептедік. Есептеулер көрсетіп отырғандай, егер 184,3 мың гектар жерді тұтастай құнарландыру жұмыстарын жүргізсек онда қосымша 165,87 мың тонна астық жинауға мүмкіндігіміз бар екен. Жер құнарлығы еліміздің байлығы, азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі және бәсекеге қабілетті дақылдарды әлемдік рынокқа шығаруға мүмкіндік береді. Жер құнарлығын жоспарлы түрде жүргізу шараларымен АҚШ немесе ЕО елдеріндегідей ауыл шаруашылық құрылымдары жылма-жыл айналысуы керек, сонда ғана топырақ құрамындағы қарашірінді қоры тұрақты түрде молайып отырады. Жер құнарлығын арттыра отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсімін молайтуға қол жеткіземіз. Нарықтық тауар-ақша қатынастарына сәйкес, құнарлы жер бағасы жоғары және алынатын өнім көлемі көп болмақ. Ауыл шаруашылығындағы өндірілген өнім, оған кеткен шығынды толық ақтап, жер иесіне пайда әкелуі қажет. Егіс алаңдарының ұтымды құрылымын әзірлеу кезінде, егістіктің құнарлығы жоғары алқаптарын ең түсімі жоғары, экономикалық жағынан тиімді дақылдарға бөлу қажет. Қазіргі қаржы дағдарысы жағдайында ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану мен қорғауды мемлекет қатаң бақылауға алудың қажеттілігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сонымен қатар ауыл шаруашылық жерлерін меншіктің қай формасына жатуына қарамастан, жылда құнарлығын арттырып отырудың экономикалық тетіктерін жетілдіріп отыруға тиіспіз. Сонда ғана ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуына қол жеткіземіз және әлемдік стандарттарға сай сапалы өнімді өндеп, әлемдік рынокта өзіміздің лайықты орнымызды алуға көмектеседі. Сапалы ауыл шаруашылық өнімдері халқымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартып, ұлттық экономиканың тұрақты дамуына оң ықпал

жасайды. Зерттеу мәліметтері байқатқандай, Жамбыл облысында ауыл шаруашылық жерлері ұтымды, тиімді пайдалану және егістіктің құнарлығын арттыру мақсатында болашақ кезеңде жүзеге асырылуы тиіс келесі шаралар:

- егіншілік жүйесінде 10 ауданының табиғи ерекшелігін ескере отырып, озық агротехникаларды және ауыл шаруашылық жерлерін, соның ішінде суғарылатын жерлерді айналымға енгізу;

- элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын дамыту. Аудандастырылған сорттарды көбейту, сорт жаңартумен айналысу;

- астық дақылдарын өсірудің прогрессивтік технологиясын енгізу, бидайдың қатты және күшті сорттарын өсіруді қамтамасыз жасау. Бидайдың егіс көлемін, соның ішінде мал азығына жұмсалатын астық түрлерінің ауданын ұлғайту;

- егілетін егістік ауданын ұлғайту және егістік түсімін арттыру арқылы ауданның ішкі шаруашылық және аймақтық (өсімдік құрамы, топырақ ерекшелігі, ауа райы жағдайы жөнінде бір тектес аймақ) ерекшелігін ескере отырып дамыту;

- жерді қорғау мен құнарландырудың шараларын мемлекеттік қолдау қаражатымен жүзеге асыру;

- суармалы жерлерде жоғары деңгейде технология қолданып, ауыл шаруашылығы айналымынан шығып қалуға жол бермеуіміз тиіс. Ондай жерлер облыстың өте құнарлы да құнды қорына жатады, сондықтан егістікті қорғаудың озық технологияларын қолдану керек.

Егістік жерлердің құнарлығын арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру 23 суретте ұсынылып отыр. Мұнда егістік жерлерді құнарландырудың 3 бағытын ұсынып отырмыз:

1. Экономикалық ынталандыру: жер төлемдерін біркелкі жасамау; жер төлемдерін алуда жеңілдіктер беру; жер телімдерінің бағасына байланысты төлемдердің мөлшерін тағайындау; мемлекеттің несие-қаржы және инвестициялық саясаты.

2. Экономикалық кепілдік: жер құнарлығын қорғау, сақтау, арттырудың экология-экономикалық шаралары; жерлерді ауыл шаруашылығы айналымынан алғандағы зиянды өтеу.

3. Экономикалық санкция: егістік жерлерді пайдаланудағы құқықты бұзғанда; жерді ластағандағы төлем; жер төлемдерін уақытылы төлемегені үшін төлем;

Ауыл шаруашылығында елімізді азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз жасайтын неше түрлі дақылдар өсіріледі. Нарықтық экономиканың заңына сүйенсек, дақылды өсіруге кеткен шығынды толық ақтап, шаруа иесіне пайда әкелуі қажет. Бірақ та, көпшілік жағдайларда шаруа қожалықтары жұмсаған қаржысын қайтара алмай отыр. Әлемнің дамыған елдерінде: Австралия, АҚШ, Германия, Ұлыбритания мемлекеттері фермерлерге, яғни азық-түлік өнімдерін өндірушілерге қаржылай, арнайы мақсатқа арналған жеңілдетілген көмектер беріп отырады. Мұндай көмектер жерді құнарландыруға, жанар – жағармай, техника мен сапалы тұқым сатып алуға, селекция жұмыстарына кеткен шығындарды өтеуге жұмсалады.

Жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру бағытында келесі шаралар жүзеге асырылуы тиіс: ауыл шаруашылық өндірісі мен инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру; шаруа қожалықтарының жерлерін құнарландыру; ғылым жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізу; облыс ішінде азық-түлік өнімдеріне сұранысты реттеу; "Батыс-Қытай-Батыс Еуропа" жолы арқылы экспортқа шығарылатын ауыл шаруашылық өнімдерінің түрін көбейту және сапасын арттыру.

Әдебиеттер

1. Послание Президента РК народу Казахстана от 17 января 2014 года
2. *Есполов Т.И.* Аграрная экономика-Алматы: Агроуниверситет, 2005-320 с.

Есполов А.Т., Адамханова Ж.

ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация

В статье рассматриваются пути повышения эффективности использования земельных ресурсов в Жамбылской области. Проанализировано состояние земли выбывших из сельскохозяйственного оборота. Предлагается пути рационального использования пашни.

Ключевые слова: земли выбывшие из сельскохозяйственного оборота, площадь пашни, повышение плодородия пашни, рациональное использование пашни, эффективность использования земельных ресурсов

Espolov A.T., Agazhanova J.

WAYS OF INCREASING USAGE EFFICIENCY OF LAND RESOURCES

Annotation

In the article ways ways of increasing usage efficiency of land resources in Zhambyl oblast. The state of lands withdrawn from agricultural use are analysed. Ways of beneficial use of cultivated lands are offered.

Key words: lands withdrawn from agricultural use, cultivated aread, improving fertility of arable lands, beneficial use of land, benefits of using land resources.

ӘОК (УДК) 631.15: 338

Есполов А.Т., Нурдаулет А.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАҒАЛАУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында жер ресурстарын бағалау тетіктерін жетілдіру жазылған. Ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлердің топырақ құнарлығы талдалған. Жер ресурстарын бағалау тетіктерін жетілдіру ұсыныстары берілген.

Кілт сөздер: ауылшаруашылық жерлерін бағалау, топырақ құнарлығы, жер ресурстарын ұтымды пайдалану, егістік жерлерді қорғау, бағалау шкалалары, бағалаудың базистік көрсеткіштері.

Кіріспе

Жер ресурстарын ұқыпты да тиімді пайдалану және бағалау Ата Заңымыздың 38 бабында атап көрсетілген "Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қорғауға міндетті" [1]. Жер ресурстар қорғау және оны тиімді де ұтымды пайдалану адамзат баласы үшін маңызды және оның қажеттілігі арта береді. Әсіресе жер иесінің өзгеруі, оған деген көзқарастың кеңеюі, жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) кезінде тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына жақсаруына әкелген. Тіпті ХХ ғасырдың бас кезінде Б.Д. Бруцкус, А.В. Чаянов,